

Жылқыларды ұстауға арналған ғимараттарға қойылатын санитарлық- гигиеналық талаптар



Орындағандар: Махамбаева К
Мейрамхан Н

Жылқы (лат. Equus ferus caballus) – тақтұяқтылар отрядының бір тұқымдасы. Жылқы адамзат өркениетіндегі, әсіресе, дала өркениетіндегі дамудың жарқын да елеулі көрсеткіштерінің бірі болады. Жылқыны қолға үйрете бастау көшпелі шаруашылық пен өркениет дамуының негізін қалады. Қолға үйретілген жылқының (E. caballus) шаруашылықта маңызы зор. Олардан тек құнарлы, сіңімді ет, сүт алып қана қоймай, міну және жегіп жүк тасу жұмыстарына пайдаланады және көптеген жарыс ойындарына қосып, жүлделі орындарға ие болады. Сол сияқты жылқылардан биологиялық препараттар (гипериммунді қан сөлдері, гамма-глобулиндер, қарын сөлдерін т.б.) алуға пайдаланады.

Жұмыс бағытына арналған жылқылар – шаруашылық ішіндегі жүк тасымалдау, бір жерден бір жерге қатынасу, малдарды айдау, жайып-бағу, шағын жерлерді жыртып өңдеу т.б. үшін пайдаланады; Өнімдік бағыттағы жылқылар – ет, қымыз, өндірістерді табында ұстау кезінде, жыл бойына, арзан құнарлы өнімдермен әсіресе жоғарғы сортты жылқы колбаса – шұжықтармен ұлттық дәмді – қазы, қарта, жал, жая тағамдарымен, дем алу орындарына (курорттарға) құнды емдік қасиеті мол сусын-қымыз дайындау, емдеу мекемелеріне арналған емдік биологиялық активті препараттар жасап шығару т.б. алуға;



Айғырлар
үшін 5-10
басқа


Биелер
үшін 40-50
басқа


**Асыл тұқымды
шаруашылықтарда
малды қорада
баққанда қора
салады**

Жарататын
жас малға
40-80 басқа

Жылқыларды әжіреде ұстау.

Ат қорада әжіре ә қатарда орналасады; қораның орталығында жем-шөп тарататын және қи шығаратын ені 2,6-3м жол өткелі болуы тиіс. Жылқы зауыттарында бие үшін әжірелер қораның ортасында орналасады. Қораның ортасында кезекшіге арналған бөлме, ат әбзелдері және құрал-саймандар тұратын, жем-шөп қоятын бөлмелер және су қосқынымен қатар асыл тұқымды малға арналған қорада- манеж болуы тиіс. Әжіреде жем-шөп салатын ақыр болуы тиіс. Қораның ішіндегі ауаның температурасы 6 С шамасында , салыстырмалы ылғалдылығы -75 пайыздан аспауы керек. Қораның ішіндегі канализация дұрыс жұмыс істеуі тиіс. Малдың астына құрғақ сабаннан төсеніш салған жөн.





Қораның биіктігі еденнен – төбеге дейін мынандай болуы керек:

- Асыл тұқым малға арналған қораның биіктігі-3м
- Тауарлы ферма қорада - 2,4-2,7м
- Манеждің биіктігі – 4,5м

Жылқыны топтап ұстайтын қалың төсеніші бар қораның

биіктігі 3,3м. Қораның қабырғасының және төбесінің ішкі беті жылтыр болуы тиіс және ақ сырмен сырлануы

керек. Қорадағы еденді тайғанамайтындай етіп жасау керек. Еден ағаштан болғаны жөн, сонымен қатар кірпіштен, асфальттан, саз балшықтан да болуы мүмкін.

Терезенің төменгі жақтауынан еденге дейінгі биіктік

Айғырларды күтіп-бағудың гигиенасы:

Жылқылардың шағылысуға түсетін кезі 1,0-1,5 жаста, ал жергілікті, жай пісіп-толатын жылқыларда 2,5-3 жастарында басталады. Бірақ айғырларды шағылысқа ерте пайдалану, олардың жалпы өсуін тежейді. Сондықтан айғырларды шағылысқа 3-4 жастан, ал кейде 5 жасынан бастап қана қосады. Айғырлардың рационы толық құнарлы болу үшін дәнді-бұршақты шөптер, шөп ұнын, 2-3 құрама азық түрлерін (сұлы, арпа т.б.) және сулы азық (өндірілген бидай, арпа, көк шөп, сәбіз т.б.) қосады. Шағылыс кезінде ұрықтың сапасын жоғарлату үшін, негізгі рационнан басқа қосымша қант, тауық жұмыртқаларын және көк сүт береді. Айғырларға арналған рационның толық құнарлылығы, олардың ұрықтарының (сперма) мөлшері, сапасы және айғырлардың шағылысқа түсу жиілігі, тұқымы, тірі салмағы жасы тағы басқа көрсеткіштері мен сипатталады. Тәжірибеде айғырларға протеиндердің, фосфордың және витаминдердің жетіспеушілігі жиі кездеседі. Айғырлар мезгіл-мезгіл жаңа шабылған көк шөп (тәулігіне 15-20 кг) жеуі керек. Қоралардың ішінде тұрғызып айғырларды көк шөп пен көректіргенде, олардың аяғы ісетіндігі тәжірибеде дәлелденген. Сондықтан оларға активті моцион белгіленуі қажет. Құнарлы азықтандыру мен қатар айғырларға күнделікті (желіп немесе аяңдап) 7-15 км жүріп серуендетеді.

Құлындардың гигиенасы:

Құлын туғаннан соң 1,0-1,5 сағаттың ішінде тұрып, енесінің емшегін еме бастайды. Жас төлдің организмін иммунды белоктармен қамтамасыз ету үшін жаңа туған құлын уызға тойып ішу керек. Құлын алғашқы үш апта бойына тек қана енесінің сүтімен көректенеді де, әр 0,5-1 сағатта еміп отырады (тәулігіне 50-60 рет). Енесі өліп жетім қалған құлынды, басқа құлынсыз биелерге телиді. Бірақ ондай жағдай сирек кездеседі. Сондықтан сиыр сүтінің үштен біріне қайнаған су қосып және әр литіріне бір үлкен қасық (столовай) қант салып құлынға ішкізеді. Туғаннан соң 3-4 күннен кейін биелерді құлынымен бірге 10-15 минут манежде жүргізіп серуендетеді де, құлынның енесінің соңынан еріп, жетілуін және биенің жыныс мүшелерінің тез орнына келіп, қайта күйтінің тууын қамтамасыз етеді. Бір аптадан соң биені құлынымен бірге ашық базаларға шығарып 20-30 минуттан бастап серуен мезгілін ұзарта береді. Алғашқы аптада биені құлынымен бірге жеке серуенге шығарса, кейіннен 2-3 бастан біріктіріп, біртіндеп ұлғайта береді. Бір апта өткен соң құлынға ноқта кигізіп, жетекке үйретіп, денесін щеткамен немесе солома бумасымен тазалайды. Құлындарды екінші айлығынан бастап жаншылған сұлы мен бидай кебегін беріп үйретеді. Ерте туған (қаңтар-наурыз) құлындар жайылымды жақсы пайдаланса, кеш туғандар ыстыққа ұрынып, қан сорғыш шыбындардың көбейіп, тез жетіліп, өсуіне бөгет жасап дұрыс жайыла алмайды.

Спорттық жылқыларды ұстау гигиенасы

Спорт жылқыларының жұмысқа қабілеті мен контуренттік қасиетін бірқалыпты ұстау үшін олардың гигиеналық режимі мен оларды бағып-күту және жылқыларды тиімді шынықтыру ерекшеліктерін байланыстырып дұрыс пайдалану керек. Жылқыларды әжірелермен (кәлемі 3x4м) жабдықталған ат қораларда ұстайды. Қора таза, жарық және құрғақ болуы керек. Әжірелердің едені тығыздалған топырақ, құрамында 5-6 пайыз цемент болуы керек. Қолданылатын тәсеніш құрғақ, қалың, газды сіңіруі жоғары (сабан, ағаш үгіндісі) болуы керек. Спорт жылқыларының жұмыс қабілетін арттырудың маңызды гигиеналық әдістері малдың тұяғын, терісін, аяғын, дұрыс күту, оларды шомылдыру және белсенді моционға шығару болып табылады.

Жылқыларды бордақылау гигиенасы.

Табында жылқыны бордақылау кезінде қауіп-қатерден сақтану үшін жем-шөп қоры болуы тиіс. Ол үшін шөп, шөлейт жерлерде бір жылқыға 1-3 ц, қарлы жерде 5-10ц шөптің қоры болуы тиіс. Шөлейт, шөлді жерлерде малды семірту әсіресе көктемгі және күзгі уақытта, ал таулы аймақтарда жаздыкүні жүргізген дұрыс. Жылқыны табында бордақылау кезінде оларды сумен қамтамасыз етуге аса көңіл аудару керек және жылқыны күніне үш рет суару керек. Табында семірткен жылқының етінің сапасы жоғары болады, жылқы тез семіреді, салмағы тәулігіне 1,5-2 кг дейін өседі.

Жылқы қолда бордақылағанда оларға көк шөп, құрама жем, сүрлем, пішендеме, картоп, жом және барда береді.

Алғашқы күндері рациондағы ірі шөп және құрама жем 30%, шырынды шөп 40%, құрайды да, ал бордақылаудың соңғы күндері құрама жем 60%, ірі шөп-30% және шырынды шөп – 10% құрайды.

Жұмыс жылқыларын ұстау гигиенасы.

Жұмыс көлігінің денсаулығының жақсы болуы, жұмысқа төзімділік қабілетінің артуы, оны жұмысқа тиімді пайдалану арқылы дұрыс іске асырылады. Жұмысқа тиімсіз пайдалану жылқыны ауруға соқтырады, оның төзімділігі нашарлайды, одан жақсы өнім алынбайды. Жылқыны жұмысқа пайдалану қабілетінің жоғарғы болуы және оның денсаулығының мықты болуы бірнеше жағдайларға байланысты: -оның массасы, жасы, қоңдылығы (жылқының жұмысқа деген қабілеттілігінің 4-5 жасында толығады); -жылқының жұмысқа жаттығуы және дайындығы (жаттығуы жетіспесе жылқы терлейді және тез шаршайды); - жұмыс әбзелдерінің денеге дұрыс орналасуы және оның ыңғайлылығы; -жұмыс күнінің режмиі (азықтандыру, демалыс уақыты); -ауа райының жағдайы, жолдың сапасы және жер бедері; 15 -физиологиялық факторлар әсері.

Қорытынды.



Жылқының адам үшін жан-жақты қасиетін кеңінен қолдану мақсатында оны санитариялық-гигиеналық талаптарға сай ұстап, күтіп – бағу неізгі мақсат болу керек. Басқа түліктерге қарағанда жылқыны күтіп – бағуды, оларға дүниежүзілік деңгейде салынған, әрі салынып жатқан жылқы зауыттары, қымыз және ет – көкөніс шаруашылықтары қол жеткен табыстары баршылық. Ендігі мақсат осы жетістіктерімізді бұл салада әрі қарай дамытып жалғастыру.



Назарларыңыз

ға

рахмет!